

• ЖОБА

«Талдау»: талпынған жетер мұратқа

Қарағанды облысында сарапшылардың жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған «Талдау мектебі. Қарағанды» жобасының екінші легі өз жұмысын бастады. Сегіз аптаға есептелген бағдарламаға 45 жас маман қатысып, өңірдің өзекті мәселелерін деректерге сүйене отырып, талдау, зерттеу және нақты шешімдер әзірлеу бағытында білімін жетілдіреді.

 Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірлік бастама биыл «Іс-қимыл стратегиясы: Қарағанды облысын дамытудағы Data-Driven тәсіл және тиімді шешімдер» тақырыбына арналды. Бастама қатысушыларды дайын ақпаратты қабылдау ғана емес, деректі зерделеп, мәселенің себеп-салдарын ашып, одан нақты шешім шығара алатын маман ретінде дамытуға бағытталған. Жобаға жоғары білімі бар, жасы 40-қа дейінгі жастар өтінім берген. Іріктеу нәтижесінде түрлі салада еңбек етіп жүрген, зерттеу мен талдауға қызығушылық танытқан 45 қатысушы анықталды. Олардың қатарында жас мамандармен бірге магистранттар, докторанттар, қоғамдық сектор және бизнес өкілдері бар.

Сегіз апта бойы қатысушылар әр сенбі сайын офлайн форматта дәрістер мен практикалық сабақтарға қатысады. Бағдарлама аясында деректерді талдау және визуализациялау, статистикалық мәліметтермен жұмыс істеу, жасанды интеллект құралдарын пайдалану тәсілдері қамтылған. Сонымен қатар, Қарағанды облысының экономикасы, агроөнеркәсіптік кешені, экологиялық тұрақтылығы, инклюзия, моноқалалар мен ауылдық аумақтарды дамыту сияқты өңір үшін маңызды бағыттар қарастырылады.

Алғашқы сабақтарда қатысушылармен қоғам қайраткері Мәулен Әшімбаев, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, экономист әрі сарапшы Айдархан Құсайынов кездесті.

Мәулен Әшімбаев Қарағандыдағы өңірлік «Талдау мектебінің» екінші легіне қатысушыларды құттықтап, бастаманың жастардың кәсіби дамуына берер мүмкіндігіне тоқталды.

— Қарағандыдағы өңірлік «Талдау мектебінің» екінші легіне қатысушыларды құттықтаймын. Бұл — кәсіби деңгейлеріңізді арттыруға, аналитикалық қабілеттеріңізді жетілдіруге, жаңа білім алып, кәсіби байланыстар орнатуға



Қолжазба жасаған Аурыйым Қоспаева

мүмкіндік беретін алаң. Жобаға қызығушылық жоғары болды. Іріктеу нәтижесінде перспективалы жас мамандармен өз саласында еңбек етіп жүрген кәсіби мамандар мектеп тыңдаушысы атанды, — деді Мәулен Әшімбаев.

Оның айтуынша, екінші лек бағдарламасы Қарағанды облысының дамуымен тікелей байланысты.

— Оқу барысында экономика, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, экологиялық тұрақтылық, инклюзия, моноқалалармен ауылдық аумақтарды дамыту сияқты өзекті бағыттар қамтылады. Яғни бұл — облыстың дамуы үшін маңызды бағыт

жоба алты жылдан бері дамып келеді. Бұған дейін негізгі алаң Астана қаласында жұмыс істеген. Ал, өңірлік мектептерді ашу туралы ұсыныстар болғанымен, оны ұйымдастыру, әдістемелік қамтамасыз ету және логистика мәселелерін шешу қажет болған.

— Бұл — қоғамдық жоба. Оны жүзеге асыруға көптеген азамат ерікті негізде атсалысады. Өткен жылы Қарағанды облысы әкімдігінің және жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың қолдауымен алғашқы өңірлік мектепті іске қостық. Мектептің алғашқы нәтижесіне көңіліміз толды. Сондықтан, Қарағанды

әлеуетті қалыптастыруға бағытталған жұмыстың нәтижесін көрсетті. Былтыр бағдарламаға 40 адам қатысып, жеті қолданбалы зерттеу әзірленді. Зерттеулердің бірқатары облыстың атқарушы органдарына ұсынылып, өңірдің өзекті мәселелері бойынша нақты шешімдерді қарастыруға негіз болды. Жоба түлектерінің 21-і Қарағанды облысының консультативтік-кеңесші органдарының құрамына енгізілді. Бұл сараптамалық әлеуеттің өңірдің қоғамдық және басқарушылық процестеріне тартылғанын көрсетеді.

➤ 2-бет

«Қайта оралғың келетін мекен»

Өзін ғасырлар бойы тонналаған көмірі мен алып өндірісінің ауқымымен өлшеп келген өлке кескін-келбетін бүгін өзгеше бағамдай бастағандай. Биылғы жаз маусымы облыс үшін осындай тың тыныстың лебін сездірген айрықша кезең болды. Аймақ демалыс пен саяхатқа қолайлы, қонаққа құшағын айқара ашқан, мүлтіксіз мүмкіндіктер тоғысқан туристік мекен ретіндегі әлеуетін де жылма-жыл айқынырақ аңғартып келеді.

 Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Төрт маусымдық туризм

Өз кезегінде облыс әкімі алдағы міндеттерді де нақтылады.

— Жаңа маусымға дайындық өткен жаздың қорытындысы негізінде жалғасуы керек. Қауіпсіздік шараларын күшейту, жол және коммуналдық инфрақұрылымды жетілдіру, жол бойындағы сервистің сапасын арттыру, байланысты тұрақтандыру, жағажайлар мен демалыс орындарын ретке келтіру, санитариялық талаптарды сақтау — негізгі басымдықтар қатарында, — деп пікір қосты облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Туризм осы маңда тың тыныс алды. Мұнда сапар шегушілердің қатары әсте-әсте қалыңдап-қабындап тұр. Мәселен, биылғы қаңтар-қыркүйек аралығында облысқа 400 мыңнан астам турист ат басын арнайы тіреген. Мұндай мәнді тесені қазір де елестету есті жаңға тосын таңданыс тудыратын тәрізді. Бүгінде осы бағыттың беталысы бөлек. Туристердің 200 мыңнан астамы Балқаштың жағалауындағы курорттық белдеуге аялдаған. Қарқаралының таулы сілемдері,



Ақтоғайдың табиғи көріністері де саяхатшылар назарынан тыс қалмаған көрінеді. Саяхат саласындағы соны серпінін инвестиция игілігі де нық меңзейді. Тек

өткен сегіз ай ішінде облыстың туристік өндірісіне 5,4 млрд теңге қаржы тартылды. Бұл былтырғы сәйкес кезеңдегіден бес есеге жуық артық. Жыл басынан бері



14 жаңа туристік нысан бой көтеріп, 1 млрд теңгеден астам мемлекеттік қолдау 30 жобаға бағытталды. Ең бастысы, бизнес өкілдері сала болашағына сенім арта бастады.

Көк айдыңа бастар жол дегенімізде, сайын даладағы көкше көлдің өзі тұнып тұрған бір таңғажайып экзотика. Бүгінгі Қарағанды туризмінің ең ірі тартылыс нүктесі де осы — Балқаш. Қаланың өзі мен Бертіс, Тораңғалық, Шұбартүбек кенттері — демалушылардың сүйікті мекені. Жылдың алғашқы алты айында мұнда 103 орналастыру нысаны жұмыс істеді. Орналастыру орындары 73 мыңға жуық адамды қабылдаса, тұтас жазғы маусымда Балқашқа келген туристер саны 200 мыңға жуықтады. Жағалаудағы тіршілік те жаңарды. 2,07 млрд теңгелік «MONACO» және «Sunny days Resort» демалыс аймақтары қолданысқа беріліп, туристер үшін тағы 84 нөмір мен 300-ден астам орын қосылды.

➤ 2-бет

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ
2026

ЖИ әскерге шақырады

Қазақстанда әскерге шақыру комиссияларының жұмысына жасанды интеллект енгізілді. Енді жүйе әскерге шақырылушының антропометриялық деректері мен білім деңгейін талдап, оның әскери қызметті қай әскер түрі мен саласында өткені дұрыс екенін ұсынады. Дегенмен, сонғы шешімді заңнамада белгіленген тәртіппен шақыру комиссиясы қабылдайды.

 Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, «Цифрландыру және жасанды интеллект жылында» заманауи технологиялар жергілікті әскери басқару органдарының жұмысына кезең-кезеңімен енгізіліп жатыр. Жыл басынан бері барлық деңгейдегі шақыру комиссиялары отырыстарының хаттамалары электрондық форматқа көшірілді. Құжаттарға қашықтан қол жеткізуге, комиссиялардың жұмысын жедел бақылауға және қабылданған шешімдердің заңдылығын тексеруге мүмкіндік берілді.

Аудандық және облыстық шақыру комиссияларының цифрлық хаттамаларын қалыптастыру кезінде де жасанды интеллект қолданылады. Жүйе әскерге шақырылушының антропометриялық көрсеткіштері мен білім деңгейін саралап, оны тиісті әскер түрі мен саласында қызмет етуге ұсынады. Құрал шақыру комиссияларының барлық деңгейіне қолжетімді.

Жасанды интеллектіні пайдалану әскерге шақырылушыларды бөлу үдерісінің объективтілігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда, технология комиссия шешімінің орнын баспайды. Азаматты әскери қызметке шақыру және оның нақты қызмет орнына тағайындалуы туралы түпкілікті шешімді шақыру комиссиясы қабылдайды.

Азаматтарды денсаулық жағдайына байланысты мерзімді әскери қызметке шақырудан босату рәсімі де электрондық форматқа ауыстырылды. Автоматтандыру қажетті рәсімдерден өту уақытын қысқартып, шешім қабылдау үдерісін жеделдетуге мүмкіндік берді. Мерзімді әскери қызметшілерді қызмет өткеру кезеңінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын төлеуден босату үдерісі де автоматтандырылды. Бұған дейін тиісті мәліметтер «Е-сақтандыру» цифрлық жүйесіне қолмен енгізілетін.

Жаңа цифрлық шешімдер әскерге шақыру үдерісінің ашықтығы мен жеделдігін арттыруға бағытталған. Автоматтандырылған жүйелер құжат айналымын жеңілдетіп, мәліметтерді өңдеу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Бұл ретте азаматтардың құқықтары мен заң талаптарының сақталуы басты назарда болып, жасанды интеллект тек шешім қабылдауға көмектесетін құрал ретінде қолданылады.

«Жасыл болашақ» және бес жүз көшет

Аймақта қала тұрғындары үшін жаңа жасыл аймақ қалыптастыру жұмыстары жалғасуда. Аумағы 200 гектардан асатын экопаркте Дүниежүзілік тазалық күніне орай «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында кезекті 500 көшет отырғызылды.



Аида РАХЫМҚҮЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Игі іске студенттер, еріктілер, сондай-ақ «Талдау мектебінің» қатысушылары мен түлектері атсалысты. Экологиялық бастамаға қоғам қайраткері Мәулен Әшімбаев пен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та қатысып, жасыл желек отырғызуға өз үлестерін қосты.

– Экологиялық акцияға қала-

мыздың табиғатына бейжай қарамайтын тұрғындарды, студенттер мен еріктілерді шақырдық. Осындай игі бастамалар адамдарды ортақ іске жұмылдырып, қаламыздың жасыл желегін көбейтіп, оны жайлы әрі көрікті етуге мүмкіндік береді, – деді облыстық жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Ардана Мырзанова.

Бұл аумақта экопарк құру жұмыстары биыл мамыр айында басталған. Алғашқы кезеңде мұнда емен, алма, қарағай және қа-

рағаштың 4 мың көшеті отырғызылды. Бүгінде олардың басым бөлігі жерсініп, тамыр жайған. Жас көшеттердің қалыпты өсуін қамтамасыз ету үшін аумақта тамшылатып суару жүйесі орнатылған.

Жоба аясында аумақты көгалдандырумен қатар, оның болашақ келбетін қалыптастыру жұмыстары да жүргізілуде. Мұнда «Таза Қазақстан» деген жазуы бар символикалық тас қойылды.

– «Таза Қазақстан» – Мемле-

кет басшысының аса маңызды бастамаларының бірі. Бес жылдан кейін осы жерге қайта келгенімізде, мұнда тұтас бір орман бой көтереді. Сол кезде осы саябақтың іргесін қалауға өз үлесімізді қосқанымызды мақтанышпен айтатын боламыз, – деді Мәулен Әшімбаев.

Экологиялық акцияға жастардың белсенді қатысуы да назар аударарлық. IT-бизнес колледжінің студенті Максим Федкевич үшін бұл – ағаш отырғызуға алғаш рет қатысуы.

– Бұл – өз қолыммен отырғызған алғашқы ағашым. Бүгін біз қаламыздың көркейіп, абаттануына ғана емес, оның болашағына да өз үлесімізді қосып жатырмыз. Жастар осындай игі бастамалардан шет қалмай, белсенді араласуы керек деп ойлаймын. Өйткені, бұл қалада өмір сүріп, оны одан әрі дамыту – біздің еншіміздегі міндет. Уақыт өте келе, бұл саябақ қала тұрғындары серуендеп, тынығатын жасыл әрі жайлы мекенге айналатынына сенімдімін, – деді Максим Федкевич.

Қаланың экологиялық жағдайын жақсарту тек тазалық сақтаумен шектелмейді. Экопарктың бүгінгі келбетін аяқталған жоба емес. Бірнеше жылдан кейін бүгін отырғызылған көшеттер бой көтеріп, аумақ жасыл желекке бөленгенде, осы енбектің нәтижесі анық көрінеді. Айта кетейік, жыл сайын қыркүйектің үшінші сенбісінде әлем бойынша «Дүниежүзілік тазалық күні» экологиялық акциясы өтеді.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

«Қайта оралғың келетін мекен»

(Соңы. Басы 1-бетте)


Жыл соңына дейін «Premium Villa Balkhash», «SunDay», «SULTAN» және «Керемет» нысандары іске қосылмақ. Олардың жобаларына шамамен 2,7 млрд теңге инвестиция салынады. Көгілдір айдын жағасында төрт жүлдізды қонақүй салу мәселесі де күн тәртібінде тұр. Балқашқа жету жолы да жеңілдей түскен.

– Сарыарқаның туристік әлеуетін жазғы жағажаймен ғана әсте шектеуге болмас. Балқаш пен Қарқаралының танымал бағыттарына Бұхар жырау, Абай, Ақтоғай, Нұра, Осакаров аудандары мен Приозерск қаласының жаңа туристік нүктелері қосылуда. Өңірде бүгінде 115 туристік маршрут бекітіліп, олар облыстың цифрлық платформалары мен Visit Qazaqstand-ның ақпараттық ресурсында жарияланған. Саланы кәсібилендіру бағытында гидтер даярланып жатыр. Шетелдік туристерге Tax Free қызметі ұсынылады. Бизнес болса, туризмнің төрт маусымда да жұмыс істейтін моделіне назар аударуда. «Premium Villa Balkhash» жыл бойғы демалыс форматына бағытталса, «Winter Balkhash» жобасы қыс пен маусымаралық кезеңді қамтып, экологиялық, сауықтыру, гастрономиялық және этномәдени бағыттарды дамытуды көздейді, – дейді облыстық туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Жол, байланыс, жайлылық

Жаңғыртудан өткен қалалық әуежай 1 маусымнан қайта жұмыс істеп, жаз бойы Астана мен Алматыдан субсидияланған рейстер қабылдады. Әуе қатынасын шамамен 16 мың жолаушы пайдаланған. Теміржол бағыты да назардан тыс қалған емес. «Қарағанды-Балқаш» пойызына қосымша алты вагон тіркеліп, 13 мыңнан астам жолаушы тасымалданды. Жағалау көркі де біртіндеп түрленіп келеді. Барковский, Тораңғалық пен Шұбартүбекте санитарлық модульдер, душтар, киім ауыстыратын кабиналар, қоқыс жәшіктері және навиациялық белгілер орнатылды. Үш курорттық елдімекенге ортақ дизайн-код әзірленді. Бертис шығанағы тазартылып, «Балқаш-Тораңғалық» магистральдық су құбырының құрылысы жалғасып жатыр.

Қазір демалыс орындарының сапасы ғана емес, байланыс сапасы да туристік инфрақұрылымның бір бөлігі деп есептеледі. Осы мақсатта



Шилиауз бен Шұбартүбек маңында жеке инвестиция есебінен екі антенна-дінгек құрылымы салынды. Шилиауз шағынауданында тағы бір базалық станса іске қосылмақ. Ал, Балқаштың туристік күнтізбесін «Balkhash Tourfest» фестивалі айшықтай түсті. Екі күнге созылған шараға 75 мыңнан астам адам қатысып, ол республикалық туристік іс-шаралар күнтізбесінен орын алды. Жаз бойы концерттер мен спорттық жарыстар, көрмелер мен отбасылық бағдарламалар жалғасып, 20-дан астам іс-шараға шамамен 50 мың адам жиналады. Көл жағасындағы көне шаһардың толайын тарихы өндіріс шежіресімен қатар, сапар мен саяхаттың да өрнегін қалыптастыра бастады.

Кенет аңызға айналған асулар кешкіңіз келсе, Қарқаралының қарағайлы беліне жол тартыңыз. Мұнда тау бар, орман бар, мөлдір көл бар. Ал, әрқайсысының қойнауында ғасырлардан жеткен бір сыр бұқпантайлайды. Бүгінде Қарқаралы ауданында қырыққа жуық демалыс орны жұмыс істеп, бір мезетте үш мыңға дейін адамды қабылдай алады. Туризмнің өріс алуы жергілікті жұртқа да жаңа кәсіп көзін ашып отыр. Осы бағытта 300-ден астам тұрғын еңбек етеді. Жыл ішінде ауданның турис-

тік шежіресіне жаңа атаулар қосылды. «Аймақ» демалыс аймағы, «Тау» қонақүйі, «Family House» кешені мен «Kenen Inn» есігін айқара ашты. Бұған қоса, бұрыннан жұмыс істеп тұрған демалыс орындары мен тамақтану нысандары жаңғыртылуда. Қарқаралының келешегінен үлкен үміт күттіретін мекеннің бірі – «Бұғылы». Қазір атаулы рекреациялық аймақта су мен көріз, электр мен байланыс желілері тартылып жатыр. Табиғаттың берген көркін өркендетті инфрақұрылыммен ұштастыру – жаңа туристік мекеннің келешегін айқындайтын басты шарттың бірі. Ал, Қарқаралы ұлттық табиғи паркі – өлкенің табиғи шежіресінің алтын өзегі. Ұзындығы 70 шақырымнан асатын төрт бағыт қазірдің өзінде туристерді қабылдап отыр. «Шайтанкөл көлінің аңыздары», «Үш үңгір», «Тас ертегі», Кент тауларындағы «Тарихи ескерткіштер» – атауының өзі сапарға шақыратын соқпақтар. Келешекте олардың қатары «Екі қазан» және «Тас қақпа» бағыттарымен толығады.

Стандартқа сай сервис

Әлбетте, сапар жолдан басталады. Жолаушының көңіл күйі ме-

желі мекенге жеткенде емес, жолға шыққан сәттен қалыптасады. Сондықтан, туризмнің бір өлшемі – көрікті жердің өзі болса, екіншісі – сол жерге бастар жолдың жайы болмақ. Аймақтағы республикалық маңызы бар автожолдарда бүгінде 106 жол бойындағы сервис нысаны қызмет көрсетеді. Оның 94-і ұлттық стандарттарға сәйкес келеді. Туристік бағыттардағы жағдайды жақсартуға да мән беріліп отыр. Заманауи саяхатшы үшін жолдың тағы бір маңызды серігі – байланыс. Мұндай бағытта да жұмыс қарқынды. Шұбартүбек, Тораңғалық және Қарқаралы маңындағы «Каскал» демалыс аймағында жаңа базалық стансалар іске қосылды. «Шахтер», «Жемчужина» және «Берлога» демалыс орындарындағы байланыс стансалары жаңғыртылды. Келер маусымға дейін Балқаш маңындағы демалыс орындарына тағы үш станса орнату жоспарланған. Шұбартүбектегі «Лагуна» аумағында да жаңа базалық станса бой көтермек. Ал, Балқаш бағытына тартылған тасжол бойында тағы алты байланыс нысаны пайда болады. Туристік маусымда демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінді.

Алматыдан келген турист Асхат Жандосов Балқашты өз көзімен көріп қайтқысы келгенін жасырмады.

– Кейбір жерге «бардым» деу үшін ғана барасыз. Әлдебір мекенге қайта оралғың келеді. Шынымды айтсам, Балқаштан бай әсер аламын деп ойламап едім әу басында. Жағалаудағы жайлы орындар мен кофе иісі көңреген көзқарасымды жаңалап тастағандай. Сонда бұрынғы табылым-түсінімің тым жұптан белгін болып ұқтым. Өйтпей, көпке дейін ұй жаққа қайтқымыз келмеді. Келесі жылы қыста тағы келуді жоспарлап отырмын. Қар құрауындағы даланың көкжиекпен астасқан тұсы қандай болатынын өз көзімізбен көргіміз келеді, – деп жылы лебіз білдірді Асхат.

Дөңгелектен дүние дидарына бір сәт өгі жүгіртсеңіз, шекпендей ғана әсер алатыныңыз анық. Шыр айналған уақыт ағымы кім-кімді болсын, бір ауық әсем жерге тарта жөнелетіні және бар. Асқарларды бағынтқан көңілдерді, жүректерді бағынтып келе жатқан Арқа атырашының құшағы оттай ыстық. Байырдан құдіретін тауып, өзіндік бөгөнайымен шартараптың назарын өзіне тартып тұр.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

«Талдау»: талпынған жетер мұратқа



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, қатысушылар әзірлеген зерттеулер Қарағандының 2028 жылғы ТМД Жастар астанасы мәртебесіне дайындау барысында пайдаланылып жатыр. Осы тәжірибе биылғы екінші лек бағдарламасының мазмұнын да айқындап отыр. Мұнда теориядан гөрі тәжірибеге басымдық беріліп, қатысушылар мәселені анықтаудан бастап, оны шешуге дейінгі барлық кезеңді өздері пысықтайды.

Биылғы бағдарлама аясында Қарағанды облысының алдында тұрған бірнеше стратегиялық міндетке назар аударылады. Олардың қатарында экономиканы әртараптандыру, экологиялық мәселелерді жүйелі шешу, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану, қала мен ауыл арасындағы даму алшақтығын қысқарту, адами капитал сапасын арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру бар.

Екінші лек аясында осы міндеттер жеті стратегиялық бағыт бойынша зерделенді. Атап айтқанда, экономикалық әртараптандыру және монокалаларды дамыту, экологиялық тұрақтылық, Smart Region, кедергісіз өңір қалыптастыру, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, теңгерімді кеңістіктік даму және белсенді ұзақ өмір сүру бағыттары қамтылады.

Мәселен, Саран қаласының соңғы бес жылдағы жалпы өнімнің өнімінің өсімі, экологиялық ахуалды жақсарту бойынша кәсіпорындардың міндеттемелері, облыстың медициналық ұйымдарын телемедицинамен қамту секілді нақты деректер талдау жұмыстарына негіз болады. Агроөнеркәсіптік кешенде де зерттеуге тұрарлық бағыттар аз емес. Қарағанды облысы картоп пен жұмыртқа өндіру бойынша республикада екінші, астық өндіру бойынша төртінші орында тұр. Осакаров ауданындағы агрокластерді дамыту, өз шікізатын терең өңдеу мәселесі де сараптамалық жұмыстардың бір бағыты болмақ. Кеңістіктік даму мәселесі де назардан тыс қалмайды. Өңірдегі урбандалу деңгейі 80 пайыздан асады. Бұл ретте ауылдық жерлердегі еңбек өнімділігін арттыру, елдімекендерді ірілендіру және аумақтардың теңгерімді дамуын қамтамасыз ету мәселері талқыланады.

Кедергісіз орта қалыптастыру да бағдарламаның маңызды бағытының бірі. Бүгінде облыста 55,9 мың мүмкіндігі шектеулі адам тұрады. Оларды экономикалық белсенділікке, жұмыспен қамтуға және кәсіпкерлікке тарту мәселелері нақты деректер негізінде қарастырылады.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жобаның алғашқы легі «Талдау мектебінің» өңірдегі сараптамалық ортаны қалыптастыруға ықпал ете алатынын көрсетті деп атап өтті.

– Өткен жылы Қарағанды облысында «Талдау мектебінің» алғашқы өңірлік легін іске қосқанда, алдымызға маңызды міндет қойдық – өңірде сарапшылардың жаңа буынын қалыптастырып, олардың білімін нақты мемлекеттік міндеттерді шешуге бағыттау. Жинақталған тәжірибе мектептің жай ғана білім беру жобасы емес, сараптамалық және кадрлық әлеуетті қалыптастыратын маңызды алаңға айналып келе жатқанын көрсетті. Біздің ұзақ мерзімді мақсатымыз – сараптамалық мәдениетті жоғары, деректерге сүйеніп ойлайтын, өз ұсыныстарын дүйекті түрде негіздей алатын әрі өңірдің дамуына жауапкершілікпен қарайтын мықты кәсіби қауымдастық қалыптастыру, – деді облыс әкімі.

Жобаның басты ерекшелігі – қатысушылардың тек білім алып қана қоймай, оны өңірдің нақты мәселелерін шешуге қолдануы. Оқу соңында

олар командаларға бөлініп, облыстың мемлекеттік органдарына арналған практикалық ұсынымдар мен талдамалық материалдармен әзірлейді.

Қатысушылардың бірі Гаухар Әкіжанова үшін мектептің тағы бір маңызы – тәжірибе алмасу мүмкіндігі.

– Мен бұл мектептен өзіме пайдалы дүние алып, сонымен қатар, практикалық тәжірибеммен бөліскім келеді. Менің негізгі бағытым – инклюзия және кедергісіз орта қалыптастыру. Дегенмен, басқа бағыттарды да тыңдауға қызығушылық танытамын. Өйткені, өзін білетін нәрсені айтып қана қоймай, тәжірибе алмасудың да маңызы зор. Таныс мәселелерге тек практикалық тұрғыдан емес, талдамалық көзқараспен де қарағым келеді. Бәлкім, дәл осы талдау арқылы өңірмізді жақсартуға мүмкіндік беретін тиімді шешімдер табырмыз, – дейді екінші лек тыңдаушысы Гаухар Әкіжанова.

Ал, қатысушы Аружан Қосдәулетова үшін жоба кәсіби білімін жетілдірумен қатар, ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

– Бұл жоба аясында өзіме қажетті практикалық әрі аналитикалық білім аламын деп сенемін. Өз салам бойынша тәжірибемді жетілдіре отырып, қосымша аналитикалық материалдармен танысып, спикерлердің пікірін тыңдаймын. Ал, алған білімім мен тәжірибемді алдағы уақытта диссертациялық жұмысымда тиімді пайдалануға мүмкіндік болады. Мен заң факультетінде бакалавриат және магистратурада білім алдым. Қазіргі таңда заң ғылымдарының магистрімін, биыл докторантураға түсіп, бірінші курста білім алып жатырмын. Сондықтан, мұндай іс-шаралардың мен үшін маңызы зор. Осындай жобалардың өңірімізде жүйелі түрде ұйымдастырылуы жастар үшін өте маңызды деп ойлаймын. Мен жастардың өкілі әрі жас докторант ретінде бұл тәжірибенің кәсіби дамуымда міндетті түрде пайдасы тиетініне сенімдімін. Жоба барысында заңгер ретінде практикалық дағдыларымды жетілдірсем, докторант ретінде өзіме қажетті аналитикалық және теориялық материалдар жинақтаймын. Сонымен қатар, жас маман ретінде коммуникациялық дағдыларымды дамытып, түрлі сала өкілдерімен тәжірибе алмасуға мүмкіндік аламын. Бүгінгі іс-шараға мәдениет, бизнес, кәсіпкерлік салаларының өкілдері, қоғам және саяси ортадағы азаматтар жиналды. Осындай адамдармен араласып, пікір алсаң, тәжірибе бөлісу – жастар үшін үлкен мүмкіндік. Мұндай коммуникацияның алдағы кәсіби жолымызда өз нәтижесін беретініне сенемін, – деді екінші лек қатысушысы Аружан Қосдәулетова.

«Талдау мектебі» қоғамдық жобасы жас мемлекеттік қызметшілердің, бизнес, халықаралық ұйымдар және басқа да салаларда еңбек ететін мамандардың талдау дағдыларын дамыту мақсатында іске қосылған. Бастама Мәулен Әшімбаевтың жетекшілігімен жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік саясаттың аналитикалық сапасын арттыру жөніндегі стратегиялық тапсырмасын орындауға бағытталған. Алғашқы Taldau форумы барысында ғылыми және сарапшылық қауымдастық өкілдері жобаны өңірлерде де дамыту туралы ұсыныс білдірген. Осыдан кейін Қарағанды облысында алғашқы өңірлік «Талдау мектебі» іске қосылды. Ендігі міндет – алғашқы легтің тәжірибесін жалғастырып, оны жаңа деңгейге көтеру.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Қайыра түлеген Қарағанды

Облыста биыл инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту бойынша 108 жоба жүзеге асырылуда. Жобалар аясында 438 шақырым коммуналдық желіні қайта жаңғырту және жаңадан салу жоспарланған. Оның 237,3 шақырымы сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне, 149,6 шақырымы электрмен жабдықтауға, 51,3 шақырымы жылумен жабдықтауға тиесілі.

Аида РАХЫМҚҰЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жобалардың 14-і энергетика және коммуналдық секторларды жаңғыртудың ұлттық жобасы аясында іске асырылуда. Тағы 33 жоба бюджет қаражаты есебінен, 61 жоба табиғи монополиалар субъектілерінің инвестициялық бағдарламалары арқылы қаржыландырылады.

Инфрақұрылымның сенімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында энергетика нысандарын жаңғыртуға да басымдық берілген. Қатмет-тің ЖЭО-2-де жылу қуаты 80 сағ/Гкал, электр қуаты 60 МВт жаңа қазандық іске қосылып, қуаты 130 МВт турбина ауыстырылды. Қарағанды ЖЭО-3-те жылу қуаты 180 сағ/Гкал және электр қуаты 140 МВт қазандық салу жұмыстары жалғасуда. Балқаш ЖЭО-да да қуаты 56 сағ/Гкал, электр қуаты 65 МВт жаңа қазандық салынуда. Екі жобаны 2028 жылы аяқтау жоспарланған.

– Биыл облыста қысқы кезеңге дайындыққа барлық қаржыландыру көздерінен 196 млрд теңге қарастырылды. Нәтижесінде 604 жергілікті қазандық, 1381 шақырым инженерлік желі, 6105 көпқабатты тұрғын үй және 1116 әлеуметтік нысан дайындықтан өтті. Облыстың жеті энергия көзінде 37 қазандық пен 27 турбинаны жөндеу жоспарланған. Қазіргі таңда 24 қазандық пен 17 турбинадағы жұмыс аяқталды, – деді облыс әкімінің орынбасары Азамат Тайжанов.

Қарағандының коммуналдық инфрақұрылымының тозу деңгейі 62 пайызды құрайды. Осыған байланысты биыл өңірде жалпы құны 223 млрд теңге болатын 108 жоба жүзеге асырылып, 438 шақырым инженерлік желі қамтылуда. Жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесінде инфрақұрылымның тозуын кезек-кезеңімен төмендету көзделген.

Қарағандының аумақтық да-



муындағы негізгі бағыттың бірі – Оңтүстік-Шығыс пен Көгілдір тоғандар аралығындағы аумақты игеру. Мұнда жаңа қалалық аудан қалыптасып, тұрғын үймен қатар әлеуметтік, спорттық, көлік және инженерлік инфрақұрылым дамып келеді.

Қазіргі уақытта жаңа аудан аумағында 26 көпқабатты үй салынған. Алдағы уақытта 55 тұрғын үй кешенін тұрғызу жоспарланып отыр. Бұл 7 мыңнан астам жаңа пәтерді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бес мектеп, жеті балабақша және аурухана кешені салынады.

Жаңа ауданның маңызды бөлігіне спорттық кластер айналады. Оған 74 гектар аумақ бөлінген. Мұнда тоғыз спорт нысаны орналасады. Қазір «Шахтер» футбол академиясының құрылысы басталды. Жоба Freedom Holding Corp пен Қарағанды облысының әкімдігі арасындағы меморандум аясында жүзеге асырылуда.

Кластер құрамында УЕФА-ның төртінші санат талаптарына сай жабық стадион, оннан астам олимпиадалық спорт түріне арналған әмбебап спорт аренасы, жеңіл атлетика манежі және мұз аренасы болады. Мұз аренасында ұзындығы 400 метрлік мұз жолы, екі хоккей корты және үш ойын залы қарастырылған.

Сондай-ақ, спорт мектебі-интернат-колледжін дамыту жоспарланған. Жаңа нысанда 500-ден астам спортшының білім алып, жаттығып,

тұруына мүмкіндік жасалады. Бұдан бөлек, ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған спорт кешені де қарастырылған.

Жаңа ауданның тағы бір ірі жобасы – экомарк. Шамамен 200 гектар аумақта жасыл аймақ қалыптастырылып жатыр. Биыл мұнда 4 мыңға жуық ағаш отырғызылып, көшеттерді суаруға арналған тамшылатып суару жүйесі орнатылды. Көгалдандыру жұмыстары жалғасады.

– Қаланың көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында Оңтүстік-Шығыс пен Майқұдықты тікелей байланыстыратын жаңа магистраль салынуда. Жолдың жалпы ұзындығы шамамен 6 шақырым болады. Төрт жолақты магистральдың бойында жарықтандыру желісі, тротуарлар, автотұрақтар мен велосипед жолдары қарастырылады. Жолдың бір бөлігі пайдалануға беріліп қойған. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары «Династия» тұрғын үй кешені бағытынан Восток-5 шағынауданына қарай жалғасуда. Жобаны 2027 жылы аяқтап, III тоқсанда пайдалануға беру жоспарланған, – деді Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожухов.

Жаңа магистраль Майқұдық пен Оңтүстік-Шығыс арасындағы көлік қатынасын жақсартып қана қоймай, осы аумақтардың одан әрі дамуына мүмкіндік береді. Майқұдықта шамамен 176 мың адам, ал, Оңтүстік-Шығыста 120 мыңға жуық тұрғын тұрады.

Қаладағы басқа да жол құрылы-



стары жалғасуда. Приканал көшесінің 1,4 шақырымдық учаскесі, Университет көшесінің Гапеев көшесіне шығатын 2,4 шақырымдық жалғасы және Волочаев пен Бауыржан Момышұлы көшелері арасындағы ауданишілік жолдар салынуда. Биыл орташа жөндеумен шамамен 30 шақырым жолды қамту жоспарланған.

Жылу инфрақұрылымын жаңғырту аясында М-2 және М-3 жылу магистральдары қайта жаңғыртылып жатыр. 50 жылдан астам уақыт пайдаланылып келе жатқан М-2 магистралінің құбыр диаметрі 500-ден 800 миллиметрге дейін ұлғайтылады. Бұл оның өткізу қабілетін арттырып, жаңа нысандарды қосуға мүмкіндік береді.

М-3 магистралі бойынша төрт желіні ауыстыру жоспарланған. Оның бірінің диаметрі 800-ден 1000 миллиметрге дейін ұлғайтылады. Жұмыстың негізгі бөлігі 2026-2027 жылдары орындалады.

Газдандыру жобасы да жалғасуда. Қарағандыда төрт кезек пен 16 іске қосу кешені арқылы жалпы ұзындығы 973 шақырым газ желісін салу көзделген. Бұл 28 634 абонентті қамтуға мүмкіндік береді. Бүгінге дейін бес іске қосу кешені аяқталып, 410 шақырым желі тартылды, 124 газ реттеу пункті орнатылды. Газ желілері 10 376 жеке тұрғын үйге жеткізілді.

Алтыншы іске қосу кешені Күнге мен Таутұл шағынаудандарын қамтиды. Мұнда 202 шақырым желі тартылып, 39 газ реттеу пункті орнатылады. Нысанды 2026 жылдың IV тоқсанында пайдалануға беру жоспарланған.

Электр желілерін жаңғырту жұмыстары Әлихан Бөкейхан ауданы, Уzenka, ЖБИ, Оңтүстік-Шығыс және Жаңа Майқұдық аумақтарында жүргізілуде. Uzenka мен ЖБИ-де бірінші кезеңде шамамен 25 шақырым желі салынды және қайта жаңғыртылды. Екінші кезеңде тағы 40 шақырым желіні қамту көзделген.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДИГАЛЫМ

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Полигонның пайдасы

Мысты өңірде өндірістік қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған жаңа нысан іске қосылды. «Қазақмыс» компаниялар тобында жарияланған Қауіпсіздік жылы аясында Балқашта жұмыскерлер мен студенттердің практикалық даярлығына арналған оқу-жаттығу полигоны ашылды.



Нұрдоc КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа нысанның ашылу рәсіміне «Kazakhmys Smelting» ЖШС бас директоры Жәнібек Байғабелов, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директоры Жанбек Есмаханов, өндіріс басшылары мен еңбекті қорғау қызметінің мамандары қатысты. Жалпы аумағы 400 шаршы метр болатын полигонда алғашқы көмек көрсету, биіктікте жұмыс істеу, жүк ілушілер мен бесікше операторларын даярлау, өрт сөндірудің бастапқы құралдарын пайдалану, LOTO, жабық кеңістікте жұмыс істеу және электр қауіпсіздігі бойынша арнайы оқу аймақтары қарастырылған. Теориялық сабақтарға арналған 16 орындық оқу кабинеті де бар.

– Бұл – Балқаштағы алғашқы мамандандырылған оқу-жаттығу полигоны. Қыз-

меткерлердің қауіпті жағдайларды дер кезінде бағалап, дұрыс әрекет ете білуі өте маңызды. Сондықтан, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыратын мұндай нысанның маңызы зор, – дейді «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС маманы Руслан Исмухамбетов.

Полигонның алғашқы екі күндік оқу-жаттығуға «Қазақмыс» компаниялар тобының кәсіпорындарынан 200-ге жуық қызметкер қатысты. Олар жеке қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалану, қауіпті жұмыстарды қауіпсіз орындау және төтенше жағдайда әрекет ету дағдыларын тәжірибе жүзінде пысықтады.

Айта кетейік, жаңа полигон Балқаш өңіріндегі кәсіпорындар жұмыскерлерінің өндірістік жағдайға барынша жақын ортада даярлығын жетілдіруге мүмкіндік береді.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Қарағанды облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің ардагері, белгілі қаламгер Мақсым Омарбековтің ұлы **Саян МАҚСЫМУЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Кадрды кәсіпорын шындайды

Саран қаласында өндіріс көлемі артқан сайын білікті жұмысшы мамандарға деген сұраныс та күшейіп келеді. Осыған байланысты кәсіпорындар мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасындағы байланыс жаңа деңгейге көтерілуде. Соның бір мысалы – Saran Machinery компаниясының Қарағанды облысындағы он колледжбен меморандумға қол қойып, машина жасау саласына қажетті кадрларды даярлауды бастауы.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Saran Machinery кәсіпорнында Howo және Scania брендтерімен самосвалдар мен басқа да ауыр коммерциялық техникалар шығарылады. Өндірістің технологиялық мүмкіндігі кеңейген сайын оған сәйкес білікті мамандарға деген қажеттілік те арта түседі. Кәсіпорын кадр даярлау мәселесін өндіріс іске қосылғаннан кейін ғана емес, студенттің колледж қабырғасында жүрген кезінен бастап шешуге басымдық беріп отыр. Компания мен колледждер арасындағы келісімдер аясында болашақ мамандарды дуальды оқыту, өндірістік практикадан өткізу және тағылымдамалардан өткізу көзделген. Студент теориялық біліммен шектелмей, нақты өндіріс үдерісіне араласып, кәсіпорында қолданылатын технологиялар мен жабдықтардың жұмысымен танысады. Бұл жас маманның кәсіби дағдысын қалыптастыруға және еңбек нарығына бейімделуіне мүмкіндік береді.

Saran Machinery үшін мұндай серіктестік тек қазіргі кадр қажеттілігін өтеумен шектелмейді. Компания өндірістік инфрақұрылымды қалыптастырумен қатар, кадрлық резервті де алдын ала жасақтауға кірісті. Мұның маңызы – оқуын аяқтап, кәсіпорынға жұмысқа келген ма-

манның заманауи технологиялар, өндірістік жабдықтар және сапа талаптары жөнінде бастапқы түсінігі қалыптасқан болуында. Кәсіпорынның серіктестері қатарында Қарағанды, Саран және Шахтинск қалаларындағы машина жасау, көлік және өнеркәсіп салалары бойынша мамандар даярлайтын колледждер бар. Осы оқу орындарымен бірлескен жұмыста кәсіпорын өз мамандарын студенттерді оқыту процесіне тартуды, өндірістік практиканы ұйымдастыруды және білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жоспарлап отыр. Бұл ретте өндірістің сұранысы бір ғана мамандықпен шектелмейді. Заманауи машина жасау кәсіпорнына өндірістің әртүрлі бағыттарында жұмыс істейтін кадрлар қажет. Студенттерді оқу кезінде-ақ практикалық тұрғыдан даярлау – кәсіпорын үшін де, білім беру ұйымдары үшін де маңызды міндет.

Меморандумдарға қол қоймас бұрын колледж басшылары Saran Machinery өндірістік алаңына барып, кәсіпорынның жұмысымен танысты. Олар өндірісте қолданылатын жабдықтарды көріп, еңбек жағдайларын бағалады. Сонымен қатар, болашақ қызметкерлерге қажетті кәсіби құзыреттер талқыланды. Мұндай тікелей танысу колледждерге жұмыс берушінің нақты талабын түсінуге, ал кәсіпорынға оқу процесінде қандай дағдыларға басымдық берілуі керектігін айқындауға

мүмкіндік береді. Кәсіпорын кадрларды даярлаумен ғана шектелмей, қазіргі қызметкерлердің де кәсіби деңгейін арттыруға көңіл бөледі. Бұл өндірістегі технологиялық өзгерістерге бейімделу, жаңа жабдықтарды меңгеру және өнім сапасына қойылатын талаптарды сақтау үшін қажет. Осылайша кадр саясаты жаңа мамандарды жұмысқа қабылдаумен қатар, қолданыстағы еңбек ресурстарының біліктілігін тұрақты жетілдіруді де қамтиды.

Сарандағы өндірістің кенеюі кадр мәселесінің өзектілігін арттырып отыр. Соңғы жылдары қаладағы индустриялық аймақ ірі өнеркәсіптік жобаларды іске асыру алаңына айналды. Ресми мәлімет бойынша, қазір мұнда тоғыз зауыт жұмыс істеп тұр, тағы бес жоба іске асырылу кезеңінде.

Саранның индустриялық аймағында машина жасау бағытындағы жобалардың қатарында Saran Machinery өндірісі де бар. Бұған дейін облыс әкімдігі кәсіпорынның HOWO маркалы жүк және арнайы техника шығару жобасы бойынша өндірістік қуат жылына 10 мың данаға дейін техника шығаруға жоспарланғанын хабарлаған. Жоба аясында шамамен мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Бұл көрсеткіштердің өзі жаңа өндірістермен бірге еңбек нарығында қандай өзгерістер болатынын көрсетеді. Бір кәсіпорынның дамуы тек зауыт ішіндегі жұмыс орындарымен шектелмей, оған қызмет көрсететін, жабдықтарды пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және өндірістік процесті қамтамасыз ететін мамандарға деген сұранысты да қалыптастырады.

Кәсіпорындардың колледж-



дермен тікелей байланыс орнатуы – кадр тапшылығының алдын алудың маңызды тетіктерінің бірі. Білім алушы болашақ жұмыс орнымен ертерек танысады, өндірістің талаптарын біледі, кіндік береді. Әсіресе, өндірісі беруші өзіне қажетті маманды

даярлау процесіне тікелей қатысып, кадрлық резерв алдын ала қалыптастырады. Мұндай модель техникалық және кәсіптік білім берудің еңбек нарығымен байланысын күшейтуге мүмкіндік береді. Әсіресе, өндірісі қарқынды дамып келе жатқан Са-

ран сияқты қалалар үшін маман даярлау мәселесі экономикалық жобалардың маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр.

Бүгінде Сарандағы индустриялық аймақта жүзеге асырылып жатқан жобалар өндірістің жаңа бағыттарын қалыптастырумен қатар, жұмысшы кадрларға қойылатын талаптарды да өзгертіп келеді. Осы жағдайда колледждер мен кәсіпорындардың өзара ықпалдастығы – қажетті маманды уақытында даярлаудың, оның кәсіби дағдысын өндіріс талабына бейімдеудің және жастарды нақты жұмыс орындарына бағыттаудың тиімді жолы. Сарандағы өндіріс пен білім беру ұйымдарының серіктестігі «диплом алғаннан кейін жұмыс іздеу» қағидатынан «оқу кезінде маман ретінде қалыптасу» тәсіліне қарай бет бұруды көрсетеді.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Жаздың соңғы аккорды

Биылғы жаз қарағандылықтардың есінде үлкен концертпен, жарқын мерекемен есте қалды. Әр мерекені ерекше қарсы алатын қарағандылықтар биылғы жазды да керемет көңіл күймен шығарып салды. Қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігінде орналасқан жаңа алаңда 50 мың адам жиналып, қала әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған Qaraganda Fest мерекесін атап өтті. Ауқымды шара «Заң мен тәртіп» және «Таза Қазақстан» акцияларымен сабақтасып, қала тұрғындарына мазмұнды демалыс сыйлады.



Ербөл ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Концерт алаңы әп-сәтте толып қалды. Әуезді әуен мен балалардың шат күлкісі, көпшілікке ортақ мереке кеңістікті ерекше жандандыра түсті. Бұл күні көрермендер үшін мұнда түрлі ойын-сауық ұйымдары қызмет көрсетті. Атап айтсақ, шығармашылық және интерактивті аймақтар, балалар клубтары мен ойын алаңдары, шеберлік сабақтары, танымдық әрі көңілді белсенділіктер келушілердің уақытын мазмұнды өткізуіне мүмкіндік берді.

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында тұрғындарға арналған

құқықтық квест, интерактивті тапсырмалар ұйымдастырылды. Әр азаматтың заңды білуі, азаматтық жауапкершіліктің маңызын көпшілікке түсінікті түрде жеткізу мақсатында арнайы ойындар ұсынылды. Ал, «Таза Қазақстан» акциясы табиғатты қорғау, қоршаған ортаға жанашырлық таныту тақырыбында облыстың Жастар ресурстық орталығы қала әкімдігінің қолдауымен Eco Fest экологиялық фестивалін өткізді. Экологиялық алаңда балалар мен ересектерге арналған қызықты байқаулар, танымдық викториналар мен интерактивті ойындар назарға ұсынылды.

Фестиваль аясында қараған-

дылық хоккейдің тарихында өзіндік орны бар «Сарыарқа» хоккей клубының 20 жылдығы да атап өтілді. Клуб мерейтойына орай жанкүйерлерге арнайы шоу-бағдарлама ұсынылып, хоккейшілермен автограф сессиясы, клуб өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды. Әуелі сахна төріне жылдар бойы хоккейдің дамуына үлес қосып, шахтерлер өлкесінің спорттық дәстүрін қалыптастыруға еңбек сіңірген ардагерлер шықты. Қарағандылықтар ардагер спортшылармен қатар кеншілерге де алғысын білдірді. Себебі, кеншілер еңбегі – шахтерлер қаласының тарихымен біте қайнасқан ұғым. Сондықтан, спорт ардагер-

лерін ұлықтау мен кеншілер еңбегіне құрмет көрсету ажырамас ұғымға айналған. Содан кейін сахнаға «Сарыарқа» хоккей командасының ойыншылары көтерілді. Бүгінде жоғары нәтиже көрсетіп жүрген хоккейшілерге де жанкүйерлері қошемет көрсетіп, ықыласын білдірді.

Күндіз басталған мерекелік бағдарлама кешкісін жарқын концертке ұласты. Қарағанды мәдениет үйінің шығармашылық ұжымдары, талантты вокалистер мен қала өнерпаздары өнер көрсетті. Сахнадан көпшілікке танымал әуендер мен жүрекке жылы тиетін музыкалық шығармалар шырқалды.

Күн еңкейген шақта мерекелік сахнада өнерпаздар шеруі жалғасты. Сахна төріне Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәкен Майғазиев көтеріліп, көрерменге әннен шашу шашты. Жүрекке жетер әуез бен сырлы сазға толы әсем әндер көпшіліктің көңілін тербегендей әсер қалдырды. Өнерпаздың орындауындағы әрбір ән көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, жүректерде жылы естелік қалдырды. Ән кешін одан әрі «Құрмет» орденінің иегері Дастан Оразбеков жалғады. Көпшілікке жақсы таныс, сүйіп тыңдайтын әндерін орындады.

Мерекелік кештің шарықтау шегі жастардың сүйікті әншісі Kalifaniya-ның өнерімен түйінделді. Әншіге қосыла ән шырқаған көпшілік кештің соңына дейін ән мен әуеннің ырғағынан ажырамады.

Осылайша, бұл мереке биылғы жазды шығарып салған қала тұрғындары үшін ұмытылмас естелікке, жарқын әсерге толы ерекше күн ретінде есте қалды.

Суреттер ұйымдастырушылардан

«Қола» алып, қуантты

Жапонияда өтіп жатқан Азия ойындарында облыс спортшысы Санжар Әділов аралас жекпе-жектең ел қоржынына қола медаль салды. Бұл – қарағандылық спортшының ғана емес, Қазақстандағы аралас жекпе-жек өнері – MMA тарихындағы айтулы жетістіктің бірі.



Аида РАХЫМҚҰЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биыл құрлықтық дода бағдарламасына аралас жекпе-жек алғаш рет енгізілді. Осылайша, Азия ойындарындағы жаңа спорт түрінен жұлде үшін таласқан спортшылардың әр жеңісі тарихи. Ал, Санжар Әділов сол тарихта есімі қалатын спортшылардың қатарынан орын алды.

Жерлесіміз 65 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде, «Traditional» санатында өнер көрсетті. Ширек финалда қарсыласын жеңіп, жартылай финалға жолдама алған Санжар үшін келесі белес оңай болған жоқ. Финалға шығу жолындағы жекпе-жекте ол тәжікстандық Отабек Раджабовпен кездесті. Төрешілердің бірауыздан шығарған шешімі қарсыластың пайдасына шешілді. Жеңілісіне қарамастан, спортшы Азия ойындарының жұлдесінен құр қалған жоқ. Жарыс

регламентіне сәйкес, жартылай финалда жеңілген спортшылар арасында үшінші орын үшін жекпе-жек өткізілмейді. Сондықтан, қос спортшы да қола жұлдеге ие болды. Осылайша, Қарағандының спортшысы Азиаданың тұғырынан көрінді.

Айта кетейік, ХХ жазғы Азия ойындары 19 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Жапонияның Айти префектурасы мен Нагоя қаласында өтіп жатыр. Дүбірлі додада Азия құрлығының үздік спортшылары бас қосып, спорттың 43 түрінен 469 медальдар жынытығын сарапқа салады. Қазақстан құрамасы сапында 560-қа жуық спортшы өнер көрсетеді. Олардың қатарында Қарағандық Отабек Раджабовпен кездесті. Төрешілердің бірауыздан шығарған шешімі қарсыластың пайдасына шешілді. Жеңілісіне қарамастан, спортшы Азия ойындарының жұлдесінен құр қалған жоқ. Жарыс

Суретті түсірген Владислав СЕМЕНОВ

• МАРАФОН

Екі мың жүйрік жүгірді

Өткен жексенбіде «Қарағанды-Арена» мұз сарайының алаңында Qaragandy Half Marathon-2026 жартылай марафоны өтті. Ауқымды додаға Қазақстанның түпкір-түпкірінен және әлемнің сегіз елінен екі мыңға жуық спортшы қатысып, жігері мен төзімділігін сынға салды. Марафонға қатысушылардың бірі ұзақ дайындықтың нәтижесін саралап, жаңа жеке рекорд орнатуды мақсат етсе, енді бірі демалыс күнін мазмұнды әрі белсенді өткізіп, спорттың қуатын сезінуге ниет білдірді. Марафонның ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Шыңғыс Сүйінбаев қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ербөл ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қатысушылар 5, 10 және 21,1 шақырымдық қашықтықтарда бақ сынады. Спорттық бағдарлама скандинавиялық жүріс пен балалар жарысын да қамтып, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы жүгірумен жалғасты. Жарыс басталар сәт жақындаған сайын алаңдағы ахуал да біртіндеп қыза түсті. Қатысушылар бой жазып, арнайы жаттығулар жасап, денелерін қыздырды. Айналада әуезді әуен әуелеп, жанкүйерлердің дауысы мен спортшылардың қызу дайындығы жарыс алаңындағы ерекше атмосфераны қалыптастырды.

10 шақырымдық жүгіруге старт беру құрметі қарағандылық жеңіл атлетиканың аңызы, КСРО спорт шебері, 17 марафонға қатысқан Юрий Кузьминге бұйырды. Биыл сексеннің сенгіріне шыққан ардагер спортшы үшін бұл сәттігін орны бөлек. Бір кездері өзі талай жарыстың дүбірін

сезініп, сан мәрте мәрені бағындырған ардагер бұл жолы жарыс жолына жаңа буын жүйріктерін шығарып салды. Жас спортшыларға ақ жол тіледі.

Марафонның мәнін айшықтай түскен қатысушының бірі – қарағандының 88 жастағы тұрғыны Агафья Бак. Сексеннің сенгірінде де сергектігін серік еткен ардагер бұл жолы скандинавиялық жүріске қатысып, спортта жасқа шектеу жоқ екенін тағы бір мәрте көрсетті. Еңбек жолын А.Пархоменко атындағы Қарағанды машина жасау зауытында конструктор болып бастаған. Бүгінде жасы ұлғайғанына қарамастан, белсенді өмір салтын берік ұстанып, қоғамдық және спорттық шаралардың бел ортасынан табылып жүр.

– Зейнетке шыққаннан кейін спортқа және саламатты өмір салтына ден қойдым. Аптасына үш рет құрбыларыммен бірге скандинавиялық жүріспен айналысамын. Бүгінгі қашықтықты да жақсы еңсердім. Марафоннан медаль алып, көтеріңкі



көңіл-күймен қайтып барамын. Осындай ауқымды спорттық мерекені ұйымдастырған азаматтарға алғысым шексіз, – деді Агафья Бак.

Бұл тартысты додада жас таланттар да, тәжірибелі ардагерлер

де таңғалдырды. Мәселен, жарысқа қатысушылардың қатарында 26 жастағы жеңіл атлет Сағат Баубек те болды. Бұған дейін облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің жұлдесіне арналған жеңіл

атлетикалық эстафетаға қатысып, жұлдегер атанған. Жас спортшы бұл жолы да тыңғылықты дайындықпен келіп, командасымен бірге 10 шақырымдық қашықтықты сәтті еңсерді. Ал, марафонның 5 шақырымдық

қашықтығында «Тентек» шахтасының тәжірибелі шахтері әрі спорт ардагері Ислам Муслимов бақ сынап, жұлделі ІІІ орыннан көрінді.

– Бес шақырымды 32 минутта жүгіріп өттім. Әдетте 10 және 20 шақырымдық қашықтықтарға қатысатымын. Бұл жолы 5 шақырымды таңдадым. Биыл 70 жастан асқан қатысушылар арасында да арнайы жарыстың ұйымдастырылғаны қуантты. Осындай бәсекеде ІІІ орын алғаным өте ризамын, – деді Ислам Муслимов.

Марафонға қатысушылардың қатарында Испанияның Мадрид қаласынан келген студент Хайме Гонсалес Гомес те бар. Штетелдік спортшы 10 шақырымдық қашықтықта бақ сынап, мәреге ІІ болып жетті.

– Қазақстанға тіл үйреніп, жергілікті мәдениетпен жақынырақ танысу үшін келдім. Мұндағы адамдардың мейірімділігі мен қонақжайлылығы ерекше әсер қалдырды. Қазір француз және орыс тілдерін оқып жүрмін. Спортты жақсы көремін, сондықтан, күн сайын жаттығуға тырысамын. Қарағандыдағы жарысқа қатысып, жұлделі орын алғаным қуаныштымын, – деді Хайме Гонсалес Гомес.

Жарыс жеңімпаздары мен жұлдегерлері арнайы дипломдар, медальдар және ақшалай сертификаттармен марапатталды. Ал, жарысқа қатысқан әрбір азаматқа ерекше естелік медальдар табысталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 250 №104 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жамал СОВЕТКЫЗЫ
